

# Салык есеби және регламенттик есеп берулер

---

Орындаган:Абугазы У.  
Кабылдаган:Баймедетов С.



Салық – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер. Салықтар – шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекет пен екі арадағы мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылатын, қаржы қатынастарын сипаттайтын экономикалық санат. Салықтардың экономикалық мәні мынада: салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының қалыптасуындағы қаржылық қатынастардың бір бөлігін білдіреді.

**Салық есептілігі**- салық төлеушінің Кодексте белгіленген тәртіпке сәйкес салық қызметі органдарына табыс етілетін, салық төлеуші туралы, салық салу объектілері және салық салуға байланысты объектілер туралы, сондай- ақ салық міндеттемелерін, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есептеу туралы мәліметтерді қамтитын құжаты.

Салық есептілігі мынандай түрге бөлінеді:

-Бастапқы есептілік- салық төлеушіні тіркелу есебіне қою жүргізілген және осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің белгілі бір түрлері бойынша салық міндеттемесі, сондай- ақ міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару және әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндет алғаш туындаған салық кезеңі үшін тұлға табыс ететін салық есептілігі;

-Кезекті есептілік- салық төлеушіні тіркелу есебіне қою жүргізілген және осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің белгілі бір түрлері бойынша салық міндеттемесі, сондай- ақ міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару және әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндет алғаш туындаған салық кезеңінен кейінгі салық кезеңдері үшін тұлға табыс ететін салық есептілігі;

-Қосымша есептілік- осы өзгерістер және толықтырулар жататын салықкезеңі үшін бұрын табыс етілген салық есептілігіне осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, сондай- ақ міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізілген кезде тұлға табыс ететін салық есептілігі;

-Хабарлама бойынша қосымша есептілік- салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған салық кезеңі үшін бұрын табыс етілген салық есептілігіне осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, сондай- ақ міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізген кезде тұлға табыс ететін салық есептілігі;

-Тарату есептілігі- салық төлеуші қызметін тоқтатқан немесе бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған кезде осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша, сондай- ақ тіркелу есебінен шығарылған кезде қосылған құн салығы бойынша тұлға табыс ететін салық есептілігі.

## Регламент -

1. Қандайда бір мемлекетті қорған мен оның құрылымдық бөлімшесі қызметінің ішкі тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық акт.
2. Палата немесе бір палаталы парламенттің, сондай-ақ депутаттың құқықтық жағдай қызметінің нысанын және ішкі ұйымдастыруды реттейтін тәртіптер жинағы.
3. Отырыс, жиналыс, сессия және өкілеттік органдардың съезін жүргізу тәртібі.

Назарлыңызга рахмет!